



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 13/91
30 наурыз



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕЛІМІЗДЕГІ СУ ТАСҚЫНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ШҰҒЫЛ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бірқатар өңірінде болған су тасқыны салдарынан туындаған төтенше жағдайға байланысты шұғыл кеңес өткізді.

Жиынға Премьер-Министр Олжас Бектенов, Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігінің басшылығы және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Мемлекет басшысына аймақтардағы қазіргі қалыптасқан ахуал туралы, атап айтқанда, адамдарды құтқару және су тасқынының салдарын жою үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды.

Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысын немқұрайлы және кәсіби міндетіне сәйкес

келмейді деп сынға алды. Оның айтуынша, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың арасында жүйелі байланыс болмаған. Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен өңірлер тұрғындарына үлкен көлемде шығын келуіне байланысты өкініш білдірді. Мемлекет басшысы қалыптасқан жағдайға байланысты кешірім сұрап, барлық азаматқа көмек көрсетілетінін айтты.

Жиын барысында Президент су тасқынына қарсы уақытылы шара қабылдамағаны үшін Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке қатаң сөгіс, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне қызметтік міндеттеріне толық сай келмеуіне байланысты ескерту берді. Ал Атырау,

Ақмола, Алматы, Павлодар және Абай облыстарының әкімдеріне қатаң сөгіс жарияланды.

Президент жағдайды қалыпқа келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдаумен қатар жүйелі жұмыс қажет екенін атап өтті.

Сонымен қатар Премьер-Министрдің төрағалығымен Республикалық штаб құру, сондай-ақ барлық өңірде су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейту, ең бастысы, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берілді.

Мемлекеттік құрылымдарға табиғат апаты салдарынан болған шығын көлемін анықтау және алдағы уақытта осындай апаттардың алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдау міндеті жүктелді.

akorda.kz

ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ СУ ЖҰРУ ҚАУПІ БАР АУДАНДАРЫН ТІКҰШАҚПЕН АЙНАЛЫП ӨТТІ



Қарағанды облысында қазіргі уақытта өңір аумағының 60%-ы қарастында, өзендер қысқы режимде. Десек те су тасқыны басталды. Жедел штаб жағдайды тәулік бойы бақылауда. Барлық ұйымдар күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ТЖД бастығы Мұрат Қатпановпен бірге су тасқыны қаупі бар аудан

дарды тікұшақпен аралап шықты.

Облыстың бас құтқарушының айтуынша, өңірде көктемгі су тасқыны 18 наурызда басталған. Дәл сол кезден бастап тұрғындардың аула аумақтарын су басу қаупі туралы алғашқы өтініштері келе бастады.

– Жағдай 25 және 26 наурызда күрделене түсті. Шет ауданы Ағадыр кентінде және Қарағандыда су тасқы-

ны байқалды. Екі жағдайда да қызыл су ен даладан келді. Ағадыр станциясында арық жүйесі қарқынды суды қабылдауға қауқары жетті, бірақ жекелеген учаскелерде қар суы арықтан асып төгілген жайттар да болды. 20 бірлік техника және 80-ге жуық адам тартылды. Қазір жағдай тұрақты, – деді Мұрат Қатпанов. – Қарағандыда Үштөбе ауылы жағынан үлкен көлемде еріген су келді. Нөсерағарлар бұл ауқымды көлемді қабылдауға шамасы жетпей қалды. Бұл өз кезегінде Кеншілер, Республика, Құрылысшылар даңғылдарын су басуына алып келді. 26 наурызда сағат 20:00-ге дейін ағын су көлемі төмендеді.

Облыстық және республикалық маңызы бар жолдардың жекелеген учаскелерін су басу деректері бар. Атап айтқанда, Осакаровка мен Молодежный кенті арасында қатты су ағыны жол жиектерін жартылай шайып кеткен. Қазір Ақтоғай және Шет аудандарының автожолдарында су тасқыны тіркелді. Ай-

тарлықтай су тасқыны қаупі жоқ.

– Облыстық маңызы бар жолдардың жекелеген учаскелерінде су тасу байқалады. Онда жол ұйымдарының қызметкерлері, ТЖД қызметкерлері кезекшілік етуде, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Сондай-ақ, қажет болған жерлерде суды сорып алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мен тұрғындарға сақтық шараларын сақтау керектігін ескертемін. Штаттан тыс жағдайлар туындаған жағдайда дереу жергілікті атқарушы органдарға, оның ішінде әкімдіктер мен ТЖД-ға жүгіну қажет. Алдағы екі күнде өңірде ауа температурасы жоғарылайды, ішінара жауын-шашын болады деп күтілуде. Бұл су тасқыны жағдайына әсер етуі мүмкін.

Облыс тұрғындарынан су басу қаупі және еріген судың жиналуы туралы деректерді келесі телефон арқылы хабарлауды сұрайды: (8-7212) 43-36-36, 43-37-37, 112.

Қарағанды облысының әкімдігі

ӨНІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІ: КІМ ҚАТЫСА АЛАДЫ?

1 наурызда Өңірлік кадр резервіне іріктеу басталады.

Іріктеуге жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар 35 жастан аспаған Қазақстан азаматтары қатыса алады.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар өңірлік резервке іріктеуге қатыса алмайды.

Өңірлік резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды өңірлік кадр комиссиялары өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың басымдықтарын ескере отырып, айқындайды.

Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және 2024 жылдың 1 наурызынан маусым айының соңына дейін жалғасады.

Резервте болу мерзімі – 2 жыл. Осы кезеңде резервшілер сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына заңнамада тағайындалуы мүмкін.

Сайтта қалай тіркелуге болады?

Іріктеуге қатысу үшін а.ж. 1 наурызынан 31 наурызына дейін onir.pkrezerv.gov.kz онлайн-платформасында жеке деректерді көрсету арқылы тіркелу қажет. Құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде ұсынған кандидаттар да онлайн-платформада тіркеліп, құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірмей құжаттарды жүктейді.

«Жеке деректер» бөлімінде дұрыс байланыс деректерін көрсетумен қатар, үміткерлер кадр резервінің өңірін және салалық бағытты таңдауы қажет. Екі және одан да көп өңірлік резервті немесе салалық бағыттарды таңдауға, сондай-ақ өңірлік резервті немесе салалық бағытты қайта таңдауға жол берілмейді.

Сәтті тіркелу үшін іріктеуге қатысушыларға белгіленген талаптарды сақтау, ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер қабылдау қажет. Барлық қажетті файлдар жүктелуі керек.

Жобаға қатысу үшін қандай құжаттар қажет?

Өңірлік резервке іріктеуге қатысқысы келетін азаматтар келесі құжаттарды қосып өтініш беру керек:

- Қазақстан Республикасы жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі;
- білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;
- соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

Өңірлік резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау (1 наурыздан 31 наурызға дейін);
- 2) заңнаманы білуге (5 сәуірден 9 сәуірге дейін) тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау (13 сәуірден 14 сәуірге дейін);
- 3) құзыреттерді бағалау (22 сәуірден 7 маусымға дейін);
- 4) өңірлік комиссиядағы құрылымдық сұхбат (13 маусымнан 15 маусымға дейін);
- 5) өңірлік комиссияның отырысында өңірлік резервке алуға ұсынылған кандидатураларды қарау (15 маусымнан 17 маусымға дейін).

Бірінші кезеңге қалай жазылуға болады?

Бірінші кезең «Заңнаманы білуге тестілеуге» жазылу тапсырылған өтініштің қабылданғанын растайтын хабарламаны алған сәттен бастап 2024 жылдың 31 наурызы сағат 23:59-ға дейін қолжетімді болады.

Кері байланыс

Тіркелу кезінде туындаған сұрақтар бойынша үміткерлер onir.pkrezerv.gov.kz сайтындағы Jivo чаты арқылы тәулік бойы қолдау қызметіне, консультация алу үшін сағат 9:00-ден 18:30-ге дейін 7 7172 96-77-77 телефоны (ішкі нөмір - 3) және info@pkrezerv.gov.kz электрондық поштасына хабарласа алады.

Сондай-ақ onir.pkrezerv.gov.kz платформасының «Байланыс» бөлімінде Өңірлік кадр резерві бойынша өңірлердегі жауапты мамандардың байланыс деректері көрсетілген.

РЕГИОНАЛЬНЫЙ КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ: КТО МОЖЕТ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ?

1 марта в стартует отбор в Региональный кадровый резерв.

Участие в отборе могут принять граждане Казахстана не старше 35 лет с высшим образованием и общим стажем работы не менее 3 лет.

К участию в отборе в региональный резерв не могут быть допущены лица, назначенные Президентом Республики Казахстан, политические служащие, административные государственные служащие корпуса «А», лица, зачисленные в Президентский молодежный кадровый резерв.

Количество кандидатов, зачисляемых в региональный резерв, отраслевые направления определяются региональными кадровыми комиссиями с учетом социально-экономической ситуации в регионе и приоритетов развития системы государственного управления.

Отбор состоит из нескольких этапов и продлится с 1 марта до конца июня 2024 года.

Срок нахождения в резерве – 2 года. В этот период резервисты могут быть назначены на административные государственные должности корпуса «Б» в местных исполнительных органах, за исключением избираемых должностей.

Как зарегистрироваться на сайте?

Для участия в отборе необходимо с 1 марта по 31 марта т.г. пройти регистрацию на онлайн-платформе onir.pkrezerv.gov.kz, указав личные данные. Кандидаты, подавшие документы на бумажном носителе либо в электронном виде, также регистрируются на онлайн-платформе и загружают документы в течение одного рабочего дня после подачи документов, но не позднее последнего дня приема документов, указанного в объявлении.

Наряду с указанием в разделе «Личные данные» корректных контактных данных, претендентам необходимо выбрать регион кадрового резерва и отраслевое направление. Не допускается выбор двух и более региональных резерва или отраслевых направлений, равно как и повторный выбор регионального резерва или отраслевого направления.

Для успешной регистрации необходимо принять обязательства по соблюдению установленных требований к участникам отбора, обеспечению достоверности предоставленных сведений и документов. Все необходимые файлы должны быть загружены.

Какие документы необходимы для участия в проекте?

Граждане, желающие участвовать в отборе в региональный резерв, подают заявление и прилагают следующие документы:

- копию удостоверения личности либо паспорта Республики Казахстан;
- копии документов об образовании и приложений к ним;
- копию документа, подтверждающего трудовую деятельность, заверенную кадровой службой по последнему месту работы.

Отбор в региональный резерв состоит из следующих этапов:

- 1) прием документов кандидатов (с 1 по 31 марта);
- 2) тестирование на знание законодательства (с 5 по 9 апреля) и оценку личных качеств (с 13 по 14 апреля);
- 3) оценка компетенций (с 22 апреля по 7 июня);
- 4) структурированное интервью в региональной комиссии (с 13-15 июня);
- 5) рассмотрение на заседании региональной комиссии кандидатур к зачислению в региональный резерв (с 15 по 17 июня).

Как записаться на первый этап?

Запись на первый этап «Тестирование на знание законодательства» будет открыта с момента получения уведомления, подтверждающего прием заявки на участие, до 23:59 минут 31 марта 2024 года.

Обратная связь

В случае возникновения вопросов при регистрации кандидаты могут обратиться круглосуточно в службу поддержки через Jivo чат на onir.pkrezerv.gov.kz, получить консультацию по телефону 7 7172 96-77-77 (внутренний номер - 3) ежедневно с 9:00 до 18:30ч, а также написать на электронную почту info@pkrezerv.gov.kz

А также в разделе «Контакты» онлайн-платформы onir.pkrezerv.gov.kz указаны контактные данные региональных ответственных специалистов по региональному кадровому резерву.



ЖҰҚПАЛЫ СЫРҚАТТАРДАН ҚОРҒАНАЙЫҚ, ЕКПЕ АЛЫҢЫЗ!

Қазақта: «Ауру – айтып келмейді», «Құдай да сақ болсаң, сақтайды!», - деген даналық сөздер бар. Сондықтан ел арасында кездесетін жұқпалы сырқаттардың алдын алудың ең басты шарасы – дер кезінде сырқатқа қарсы екпені алу болып табылады. Осы маңызды мәселеге байланысты Приозерск қалалық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Онербекова Гаухар Серікқызымен сұқбаттасқан болатынбыз. Аталған сұқбатты «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің оқырмандары назарына ұсынамыз.

Тілші: Сұқбатымызды бүгінгі әңгіменің негізгі тақырыбынан бастайық. «Қайталама вакцина деген не?»

Г.Серікқызы: Қайталама вакцинация (наверстывающая вакцинация) дегеніміз бұл қандай да бір жағдаймен екпе алмаған, немесе толық екпе курсы алмаған, құжатта көрсетілмеген, яғни екпе статусы белгісіз Ұлттық екпе күнтізбесі бойынша алмай қалған балаларды, жасөспірімдерді қайталап егу ісшаралары. Қазіргі таңда кейбір сырқаттардың жаңаруы, көбеюі көптеп тіркелуде, мысалы қызылша, көкжөтел т.б. бұлар вакцинамен басқарылатын инфекциялық сырқаттар тобына жатады. Егер адам ағзасында иммунитет болмаған жағдайда, ол міндетті түрде сырқатты жұқтыру тәуелділігі басым.

Тілші: Осы сырқаттардың түрлерін нақтылап айта кетсеңіз.

Г.Серікқызы: Біздің Басқарма тарапынан Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес барлық профилактикалық екпелерді жүргізуді қадағалау бойынша мониторинг ісшаралары жүргізілуде. Барлық екпе түрлері бойынша, оның ішінде көкжөтел, сіреспе, қызылша, полиомиелит, вирусты гепатит А және В түрлеріне өткен 5 жылдық мерзімде екпе алмай қалған балалар арасында тізім қалыптастырылды. Бұл тізбе бойынша белгілі бір себептермен алмай қалған балаларды, жасөспірімдерді қайта егу жұмыстары жүргізілуде.

Тілші: Аталған қауіпті сырқаттардың өршіп кетуіне не себеп болды?

Г.Серікқызы: Бірнеше жылдардан бері осы екпенің арқасында қаншама жұқпалы сырқаттардың алдын алып, тіпті жою мүмкіншілігі болды. Өкінішке орай, қазіргі кезде көптеген ата-аналардың екпеге сенімсіздігі арқасында

осы Ұлттық екпе күнтізбесіндегі көрсетілген екпелер уақытында қамтылмай қалып, кейбір сырқаттардың жаңаруы байқалады. Бұл сырқаттардың қорқыныштығы – ол уақыт өткен сайы асқынуында. Асқыну қаупі әсіресе балалар арасында жиі кездеседі, кейде өлім-жітімге де әкеледі. Вирус немесе басқа қоздырғыштар ұжымдық иммунитет қалыптаспаған уақытта адамдар арасында айналымы тоқтамай, адамнан адамға жұғып, күшейе береді. Сондықтан ұжымдық иммунитет қалыптастырып, айналымдағы вирусты тоқтатып қана әр түрлі сырқаттарға төтеп бере аламыз.

Тілші: Жұқпалы әрі қауіпті науқастың алдын алу үшін жасалатын екпені ең алдымен қай топтағы адамдар алуы тиіс?

Г.Серікқызы: Тәуекел топқа алдымен бір жасқа дейінгі балалар, «Д» есепте тұратын балалар, әлсіз адамдар және жүкті әйелдер жатады, сонымен қатар ұжымдық коллективтегі балалар жатады. Екпелер миллиондаған өмірлерді құтқаруда, бұл – медицинаның бір жетістігі. Бұл вакцинамен басқарылатын сырқаттарға арнайы емі жоқ, оларды тек екпемен ғана алдын алуға болады. Жоспарлы екпеден басқа, эпидемиялық көрсеткіш бойынша да екпемен сырқаттардың алдын алуға болады, мысалы құтырма, бруцеллез, кене энцефалиті, лептоспироз, сібір жарасы, туляремия және т.б.

Тілші: Екпені уақытында алудың адам денсаулығы үшін өте маңызы бар болғаны ғой?!

Г.Серікқызы: Екпенің тиімділігі екпені алған контингенттің 95 пайызын құрау керек. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша. Сырқаттың қашан, қайдан келетінін ешкім айта алмайды, сондықтан әрбір тұлға өзінің және жақындарының денсаулығына қамқор болуы тиіс. Приозерск қаласы тұрғындары мен ата-аналарына балаларының екпе статустарын тексеріп, учаскелік дәрігерден кеңес алып, екпені алдырып, түрлі аурулардан қорғануды ұсынамыз.

Тілші: Маңызды да, қажетті сұқбатыңыз үшін рахмет! «Әрбір адамның денсаулығы өз қолында» деген қағидаға сүйенген дұрыс деп есептейміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің
арнаулы тілшісі.

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІН ЖАМЫЛҒАН ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР НЕГІЗІ МЕН ЖАЛПЫ СИПАТТАМАЛАРЫ»

Дін - мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі, әрі ішкі тұрақтылықтың кепілі. Талай ғасырлар бойы қазақ халқы Ислам дінін өз бойына сіңіріп, Ислам аясында мың жылдан астам ғұмыр кешті. Сол кезде Әбу Ханифа мәзхабын ұстанған қазақ халқы өз тарихында дін негізіндегі бөлінушіліктерді, қақтығыстарды басынан өткерген жоқ. Шындыққа тура қарап келгенде, экстремизм мен ланкестік әрекеттерді белгілі бір ұлтпен немесе дінмен байланыстыруға болмайды. Соңғы кезде радикалды діни ағымдардың іс-әрекеті қоғамда алаңдаушылық туғызып отыр. Қазіргі таңда қоғамымызды, адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың біз білмейтін талай түрі бар. Өкінішпен мойындайтын жәйт – бүгінде Қазақстанда дін әу бастағы міндеті – біріктіруші фактор болудың орнына керісінше жік-жікке бөлінуге, тіпті, араздыққа жол берді. Әрине, Исламның бұған еш қатысы жоқ. Мәселе асыл дінімізді өздігінше бұрмалап уағыздайтын жекелеген топтар мен тұлғаларға, олардың көздеген түпкі мақсаттарына қатысты. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көптеп естиміз де. Қазіргі басты әрі өзекті мәселелердің бірі жастарды адастырып, тура жолдан тайдырып жүрген кереғар діни ағымдар көбеюде. Соның салдарынан отбасылардың ажырасуы көбейіп, түрлі дінді ұстанудың нәтижесінде жанұяларда ұрыс-керістер орын алып, көптеген бөлінушіліктерге негіз болуда. Теріс діни ағымға бейімделгіш жандар аңғал, сенгіш келеді. Оларды алдап-арбау, қандай да бір теріс мақсаттарға қолдану дәстүрлі емес діни ұйым көсемдері үшін аса қиын шаруа емес. Себебі жүйкесі, ойлау қабілеті зақымданған адамдар шындық пен өтіріктің арасындағы алшақтықты

айыра алмайтындықтан, көсемдерінің айтқанына тез бой алдырып, солардың арбауына түсіп, айтқандарына көнеді. Әдетте экстремизмге бірінші кезекте буыны қатпаған, ақыл-есі толыспаған жастармен қатар, күнделікті өмірде әділдік таппай ашынған, әлеуметтік жағдайының ауыртпалығын көтере алмай күйзелген жандар бейім тұрады. Оның барлығын білетін жат арбаушылар осылай өздерінің құрықтарына түсіреді де, санасын улайды. Көп жағдайда біз бірінші адамдардың сөйлеген сөзінен білеміз. Егер адам радикалды идеологияға кетіп қалса, өз сөздерінде «кафир мемлекеті», «тагут мемлекеті», «бидғад», «ширк» тақфир деген сияқты сөздерді жиі қолданады. Сонымен қатар радикалды идеяларды насихаттау және діни әдебиетпен жастарды әуестендіру. Қазіргі жағдайда әлеуметтік желі өте дамыған сонымен бірге жат ағымды таратыушылар да күнен-күнге жаңа айла ойлап табуда. Жат арбаушылардың ойлары анық, мемлекеттердің конституциялық құрылымын өзгертіп, оның біртұтастығын бұзуға көптеген әрекеттер жасау арқылы «Халифат» идеясын көтеруде. Қорыта келгенде, әрбір халықтың ғасырдан сақталып келе жатқан діни наным-сенімдеріне қайшы, халықтың бірлігі мен татулығына жат, елдің мемлекеттілігін мойындамайтын, «өзгеше» ойдағы топтардың ниеті мен іс-әрекетінен діннің негізгі мағынасын өздігінше өзгерте тіндер дерті ұлғайуда.

Сондықтан ел арасына іріткі салып жүрген кереғар діни ағымдардың іс-әрекеттеріне жол бермеу – баршамыздың жұмыла атқаратын жұмысымыз болуға тиіс. Олармен қоғам болып күресу арқылы тосқауыл қоюымыз қажет. Осыны әрбір жан өзінің асыл борышы ретінде түсініп, соған сай әрекет жасау керек!

Анарбеков Н.Ә. - АТТ мүшесі

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-27-92

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-32-48, 5-39-16

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 17.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫЙ ОТНОШЕНИЙ, АРХИТЕКТУРЫ И ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-32-48, 5-39-16

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 по 17.00

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі күні сағат 16:00-17:00 аралығында.

Сенім телефондары: 8(71039)5-40-93, 8(71039)5-40-95



Наследственное дело

После смерти Мордвикиной Галины Александровны, умершего 20 сентября 2023 года, открыто наследственное дело. Наследники за оформлением своих наследственных прав могут обратиться к нотариусу Актогайского района Кинкентаевой Саягуль Бекмоллаевне, по адресу: село Актогай, ул. Бөкейхана, дом 19. Тел. 8-705-832-83-06

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06

График приема граждан:
Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBЕК JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №13/91, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.